

# Үштілділік - заман талабы

**Бұғынде үштілділік - заман талабына айналып отыр. Елбасы үш тұғырлы тіл саясатын жыл сайынғы Жолдауында нақты атап көрсетіп келеді.**

XX ғасырда Абай атамыздың «Тіл жүректің айтқанына көнсө, жалған шықпайды» деген нәрлі нақылын әрмен қарай «тіл игеру үшін тілек те керек, жүрек те керек» деген жалғастыруы тағы да тілдің мән-жайына үстірт қарамай, үчіле зерделеуді қажет етеді дегенді мәнзейді. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жасын жарық жағылып тұратыны белгілі жәйт.

Келешекте жеті жұрттың тілін біліп, мемлекеттің мұддесін, ұлттың мен жұрттыңың жай-күйін әлемге дауысың жететін мінберден асқақтата айтып тұратын күнгө жетуіміз керек. Сондықтан да еліміздің бәсекеге қабілетті елдермен тәнесетін жағдайында осы үш тілді жетік мәңгерген білікті мамандардың қажеттілігі артатыны белгілі. Өз ана тілінен бөлек өзге тілдерді де қызығушылықпен мәңгеріп жүрген жастар қаншама.

Қазіргі заманғы жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Олар өз елімен шектеліп қалмай шет мемлекеттерге шығып, өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауды мақсат сарайды.

Біздің Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында алған білімдерін жетілдіру мақсатында студенттер ақадемиялық ұтқырылышпен алыс – жақын шет елдерде ЖОО-да білім алуша. Үш тілде оқытудың негізі мақсаты – бірнеше тілді мәңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдан кіргізу тілі» деген болатын. Бірнеше тілді мәңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құтияларына үніліп, ез қабілеттің танытуына мүмкіндік алады. Мектептердің үш тілде оқытуды қолға алушағы негізгі мақсаты – бірнеше тілді мәңгерген, жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты – қазақ тілінің мәртебесін көтеру, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарда қазақ тілінде жүргізу, ағылшын тілін мәңгерту, орыс тілін жетік білу. Қазіргі кезде заманауи талапқа сай білім беру жүйесі жаңа арнаға бет бұрған шақта жан-жақты шығармашаңылдықпен, бастамашылдықпен жұмыс жасайтын жас ұрпақ қалыптастыру үстаздар қауымы үшін аса маңызды. Еліміздің өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – көптілді мемлекеттер арасында әлеуметтік-мәдениеттің қатынастар жасай алатын, түрлі елдердің мәдениеті, әдебиеті, тарихымен танысып, қажеттін пайдалана отырып, бөтен мәдениеттің ішіне сініп кетпей, езінің елі мен мәдениетін басқаларға таныта алатын, санатты да саналы тұлғаны қалыптастыру, кез-келген ортаға тез бейімдегітін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта

білетін бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу. Сондықтан қазақ тілін тереңдеттіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті мәңгеруді жолға қою бүгінгі таңдағы жаңартылған мазмұндағы орта білім жүйесіндегі педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Халқымыз ежелден тіл абыройын бійк көтеріп, әдette тіл жөнінде, тіл адамдар ара қарым - қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралығана болып қалмастан, қайта онанда маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, ұлттық рухты, әдег-ғұрлы, мәдениеті қатарлыларды тұластай өз бойына қамтый жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбие мен тағылымының, бүкіл халықтың болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйытқысы болып келген.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкенестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білүлөрі тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін мәңгерлері қажет» - деп, Еуропадағы мектеп тұлектері мен студенттерінің өзарға бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғанын атап етті.

Сондықтан да кем дегенде үш тілді мәңгеру - заман талабына айналып отырған басты қажеттіліктердің бірі болып табылады.

**Перизат ӘМІРХАН,  
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ «ЕШТ»  
- IV курс студенті.**